

# І ТУЫ

ІТІТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ІАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕМНІҢ ГАЗЕТИ

январь

Жұ ма

шығуына 32 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

*Жмысшылар мен инженер-техник қызметкер  
тиямыбен үкметіміздің бүгін қойып отырған талап  
на сәйкес еңбектегі қарқынды алғашқы күндерден бастап  
күшейте, 1952 жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен  
бұрын оындау жолындағы күресті өрістете берейік!*

## акторы ға

ық құттықтау жібе-

ек білдіріп жолдау  
вет Одағы халық-  
болған жапон хал-  
тілейіңізді қанағат-

дігімді, оның өз  
етуіне тілектес екен-

лдік оккупацияның  
і. Сондықтан олар  
естік білдіреді және  
оның өз отанының  
еді.

ақыдан арылуына  
уына және бейбітші-

із болудан арылуына,  
үресінде табысқа же-

н Жапония демокра-  
салық тұрмысының  
ылымның, искус-  
сқа жетуіне тілек-

СТАЛИН.

*Қарқы алғашқы күндерден  
сүшейтілсін!*

## Үнемделген материал есебінен

Петропавлды Октябрь революциясы атындағы былғары зауытының коллективі 1951 жылдың соңғы 25 күні бойы жаңа жылдың есебіне жұмыс істеді.

Былғары өндірішкер өткен жылы ең алдымен кәсіпорның экономикалық көрсеткіштерін едәір дәрежеде жақсарту тәсілі жолында оның мәнісінде қажырлылықпен күрес жүргізді. Кәсіпорның басшылары, партия, өкілдер ұйымдары, инженер-техник қызметкерлері мемлекет қаржысы мен материалдарды көптеп үнемдеу, өнімнің сорттылығын арттыру мәселесіне үнемі назар аударып отырды. Сол арқылы өнімнің сорттылығы 1950 жылғыға қарағанда, 2 процент арттырылды да, өнімнің өндіріс бағасы М. Левченко мен Г. Мухометовтың бастамасына жауап ретінде 6 процентке жуық кемітілді. Кәсіпорны бұл арқылы 2,5 миллион сомдай пайда тапты.

Шикізаттарды үнемдеу жолындағы пәрменді жүргізілген социалистік жарыс өзінің игі нәтижелерін берді. Коллектив үнемделген материалдар есебінен 100 мыңдаған шаршы дециметр мінсіз жоғары сапалы былғары өнімдерін берді. Міне, осы былғарыдан орта есеппен алғанда 70 мың пардан аса былғары аяқ-

## Мал ұстату—жауапты кезең

### Қысқы маусымды үлгілі өткіземіз

Колхоздардың іріленуі колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан барған сайын нығайта түге орасан зор мүмкіншіліктер турғы. Ірілену, әсіресе, колхоздың мал шаруашылығын жедел қарқынмен өркендетуге қолайлы жағдай жасады. Соңғы 1-3 жыл ішінде біздің колхозымыздың қамдық мал саны барлық түлік бойына бірдей артып келеді.

Қоғамдық өнім мал шаруашылығын өркендете беру жіндегі партиямыз бен үкметіміз қойып тұрған аса маңызды міндеттерді ойдағыдай шешу—малды қыстан күйлі және шығынсыз шығаруға байланысты. Осыны жете түсінген біз, колхоз басшылары мал ұстатуға әзірлік жұмыстарын барлық жағынан тынғылықты ұйымдастыдық, бұл жұмысқа қолда бар күш-мүмкіншілікті тиімді пайдаландық. Осының нәтижесінде қоғамдық мал ең қойлы мерзім ішінде қыстық жемшөппен жылы, жарық қоралармен толық қаммасыз етілді. Колхозда жемшөп дайыну жоспары ойдағыдай орындалды. Бұл мұнымен де тынғамыз жоқ. Жемшөпті берік қорын жасау мақсатымен егін орнының сабағы мен топанын түге жыйнап, оны жер қарада мал қоралаы жанына тасып алдық. Шөп тасуда арнаулы бригадалар үздіксіз жұмыс істеді. Осының арқасы-

дың басым көпшілігі еменалық тапсырмаларын үнемі орындап отыруға жетісті.

Малдың қысқы маусымда жақсы күтімде болуы, ең алдымен, мал өсірушілердің іскерлігі мен мамандығына байланысты. Малды қолда бағуға тәжірибелі колхозшыларды бөлмейінше, мал шаруашылығын өркендетуде күрделі табыстарға жету тіпті мүмкін емес. Осыны негізге алып, біз мал ұстатуға тәжірибелі мал өсірушілерді бөлдік, олардың өнімді жұмыс істеуіне тұрмыстық жағдай жасадық.

Малшылар Қ. Ахметов және Ж. Бажин малды дұрыс азықтандырумен бірге, оларға зоотехникалық-малдәрігерлік күтім жасайды. Олар малға азықты арнаулы норма бойынша береді, малды азықтаңдырғанда оның күй ерекшелігін мұқият еске алады. Олар, әсіресе, аналық малдарды айырықша күтімге, бақылауға алады.

Колхозда агро-зоотехникалық үйірме жұмыс істейді. Онда мал өсірушілеріміз өндірістен қол үзбей оқып жүр. Бұл малшыларға қоғамдық малды өркендетуде жоғары көрсеткіштерге, жаңа табыстарға жетуге, мамандықтарын арттыруға бірден-бір қолайлы жағдай жасап отыр. Малшылар үйірмеден алған теориялық білімдерін өздерінің күнбе-күнгі жұмыстарымен шебер ұштастырып келеді.

*Тыңғылықты әзірлік—мол  
өнімнің негізі*

## Чистов астық совхозында

Қазақ ССР Министрлер Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің республикамыздың колхоздары мен совхоздарында егін шырымындылығын арттыру жөніндегі қаулысына жауап ретінде Чистов астық совхозының егіншілері қысқы агро-техникалық шараларды ойдағыдай жүзеге асыруда.

Елінің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алуға егістік алаңға қар тоқтатудың маңызы орасан зор. Осыны ескерген совхоз егіншілері қар тоқтатуға қолда бар күш-мүмкіншілікті толық жұмылдырып келеді. Совхоздың барлық бөлімшелерінде егістік учасоктерге қар тоқтататын арнаулы бригадалар мен звенолар ұйымдастырылған. Мұнда қар тоқтатуда 120 адам жұмыс істеп жүр. Бұлар күн сайын 400 гектар егістік алаңға қар тоқтатады және қалқандар орнатады. Осының нәтижесінде көздің өзінде совхозда 4 мың гектар егістік алаңға қар тоқтатылды. Бұл арада күздік дақылдар егілген егістік алаңдарға түгел қар тоқтатылғанын атап айту керек.

Егіннен мол өнім алу үшін қар тоқтатуды ғана жақсы дәрежеде жүргізу жеткіліксіз. Бұл міндетті ойдағыдай шешу үшін егістік учасоктерді жергілікті тыңайтқыштармен жеткілікті тыңайту қажет. Жұмысқан бұл саласында да совхозда

лар мен инженер-техниктердің арасында рационализаторлық жаңалық табудың кеңінен өрістетілуі, барлық коллективтердің социалистік жарысы бүгінгі талаптарға сәйкес пәрменді жүргізілуі біздің бұл зор табыстарға жетіміздің негізгі шарты болғандығын атап айту қажет. Өткен жылы облыс кәсіпорындары жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша толық және артығымен орындай отырып, өнімнің түр-түрін шығаруды арттыру, оның өнімдік бағасын кеміту, сапасын жақсартуға түсу, қаржы мен материалдарды көп үнемдеу ісінде алған міндеттемелер дәрежесінде болды. Үстіміздегі жылы да кәсіпорындарының коллективтері өткен жылғы мол тәжірибелерін тыңғылықтылықпен қолдана отырып, мемлекеттік тапсырмаларды орындау жолындағы күресті ешбір бәсеңдетпеуі керек. Міне, бұл — кәсіпорындары басшыларының, олардағы партия кәсіподақ ұйымдарының және бүкіл жұмысшылар коллективінің алдында тұрған бүгінгі таңдағы аса маңызды міндет.

Турасын айту керек, дегенмен, өткен жылы жекелеген кәсіпорындарымыз өздерінің алдына қойылған міндеттерді орындауда елеулі оңқалықтарға жол берді. Көп реттерде жеке кәсіпорындары өнімнің түр-түрін шығару жөніндегі жоспарды орындамады. Олар өндіріске жеңіл енгізілетін, яғни өнімнің айналуы бір түрін өндірудің оңай меңгерілуіне қарай тағайындалған негізгі жоспадан алшақтап кетеді. Өндірістік тапсырмаларды ай сайын тағайындалған мөлшерге орындап отыруына қарамастан, мұнда жағдай Петропавлдың шойын кую тразы зауытында кездесті. Зауод таразылардың жаңа түрлерін қажетті мөлшерде өндіре алмады.

Бірқатар партия ұйымдары кәсіпорындарының ай бойына бірқалыпты, барған сайын үдей түскен қарқынмен жұмыс істеуіне әлі жетісе алмай келеді. Мысалға облысымыздағы ең ірі өнеркәсіп орындарының бірі — Киров атындағы зауодты алайық. Мұнда әдетте айдың бас кезінде жұмысқа қажетті қарқын берілмейді де, аяқ кезінде жоспарды

салған жалпы ұсыныстар мөлшерінен бірнеше есе кем. Тіпті, өндіріске пайдалануға тиімді деп мақұлдаған ұсыныстардың бірқатары жүзеге асырылмай қалған.

1952 жыл Отанымыздың экономикалық күш-қуатын нығайта түсу күресінде жұмысшылардың творчестволық инициативасын оған сайын өрістету жылы болуы керек. Әресе, партия және кәсіподақ ұйымдары еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік бағасын кеміту, әрбір өндірістік операцияның мінсіз жоғары сапалы орындалуын және әрбір операцияда еңбектің жеңілдетілуін қамтамасыз ету күресін тыңғылықты ұйымдастыруға міндетті.


Партия ұйымдары 1952 жылға социалистік міндеттемелер алғанда оның ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдалануға негізделуін мұқият ескерулері қажет. Қандай ғана кәсіпорында болсын социалистік міндеттемелер алуға өндірісте тікелей жұмыс істейтін барлық жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер қатыстырылғаны дұрыс болады.

Өндірістік жоспар — кәсіпорны үшін қызғымас заң. Еліміздің халық шаруашылығының алып адыммен өркендеу дәрежесі жоспардың әрбір кәсіпорны бойынша мүлтіксіз орындалуын талап етеді. Сондықтан да, облыс кәсіпорындарының еңбекшілері, инженер-техник қызметкерлері, партия және кәсіподақ ұйымдары жаңа жылдың алғашқы күндерінен бастап өндірістік жоспарлардың қалтқысыз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қажырлы күрес жүргізулері керек. Әрбір цехта, бригадала, сменада социалистік жарыс пәрменінше өрістетілетін болсын.

Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер! Партиямыз бен үкметіміздің бүгін қойып отырған талаптарына сәйкес еңбектегі қарқынды алғашқы күндерден бастап күшейтіп, 1952 жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресті өрістетіп берейік!

Г. ЕЛИЗАРОВ. КОЛХОЗШЫЛАР АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДЫШЫЛАР

# ТУҒАН ЕЛІМ



Үстіміздегі жылдың март айы ішінде жазушы Н. В. Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл толады.

СУРЕТТЕ: Москва. Н. В. Гогольдің Новодевичье моласындағы қабыры. Суретті түсірген М. Альперт. (СОТА-ның фотохроникасы).

## В. И. Лениннің „Не істеу керек?“ деген еңбегі мари тілінде

ИОШКАР-ОЛА, 31 декабрь. (СОТА). Мари АССР-нің Мемлекеттік баспасы В. И. Лениннің «Не істеу керек?» деген кітабын мари тілінде басып шығарды.

\* Соңғы жылдары Ми-Пермят округінде 86 электр қуаты салынды. Астық бастыруда, далада, ұн ұғу-тр моторлары жұмыс істеді. \* Молодечинский совхозында далануға берілген совхоздарың өнімдері тапталды.

## Жер-жерден

### Сағандық график бойынша

Москваның шағын автомобиль зауытының коллективі 1952 жылғы өндірістік программаны орындауға еңбекшілерінің қатынасы алды берілді. Кәсіпорнының қазіргі табыстарға жетуде, қарлығарлары жаңа автомобильдерді құрастыруға тексеру жұмыстары 2 январь күні басталды.

### Экскаватор жасаушы

КОСТРОМА, 2 январь. (СОТА). «Рабочий металлист» зауытының экскаваторлар жасаушыларының жұмысына көшті. Машинаның жұмыс қабілеті 4 есе артты.

### Жаңа жылдық вахта

БАКУ, 31 декабрь. (СОТА). Баку мұнайшылары мұнай жасаушылар 1952 жылғы еңбек вахтасына тұрақты ауданында бұрғышы мастер бригадасын құрастырды. Бұл бригаданың бұрғылау жұмысы мен бұрын аяқтады. Бұл кәсіпкерлердің бұрғылау жұмысының өнімділігі артты.

### Қырыштық

ХАБАРОВСКИ, 31 декабрь. (СОТА). Қырыштықтар жаңа жылды еңбекшілерінің қалаларында ең бірінші болып қарсы алатын қалалары Олар 1952 жылға өз өлкесінің шаруашылығындағы Комсомол және мәдениет өміріндегі зор табыстарын үй алаштармен келді. Өткен жылы жаңа колхозды селолар, мектептер, жасөспірімдер лагерьлері мен орманшылардың жұмыстары мен өнімдері салынып жатыр.

**Ы**  
**партия-**

аттарының саны  
арь Шейн өндіріс  
—170, ұста Коч  
рь Топоров 300—  
дан жүр.

23 коммунисті  
й жөндеу жұмы  
Бұлардың барлығы  
наларын әрқашан  
еледі. Коммунистер  
емес, жөндеушілер  
ралық жұмыстар  
Мәселен, комму  
ол мүшесі Ефре  
шілер үшін саяси  
кізіп, оларды қа  
ш отырады.

н өркендеп өскен  
ың өскелең тала  
тімесінде үгітші  
ден, жөндеуші  
ны мен сапасын  
етеді. Міндетте  
орындау бұлжы  
т.

здері жөндеуші  
жігерлендіре  
деудің төртінші  
ық орындады.

ері V съезінің  
і, МТС партия  
ындағы партия  
ыйын жақсарту  
жұмысының  
туын қамтама

**В. ДРЮПИН.**  
арының саяси  
инбасары.

**нда**  
анның эконо-



Орыс хоккейі бiнша 1952 жылы облыс кубогiн алу үшiн өтiзiлген жарыс аяқталды. Бұл жарысқа «Динамо», «Локомотив», «Электрик», «Звезда», «Молот» ерiктi спорт клубы Пищевик» барлығы 6 ерiктi спорт қоғамының командалары қатысты. Ойын олимпиадалық жүйе бойынша өттi. Бiрiншi болып «Динамо» мен «Электрик» командалары кездесiп, ойын электрiшiлердiң пайдасын аяқталды. «Локомотив» стадионы «Локомотив» және «Пищевик» командалары жарысты. «Пищевик» командасы хоккейшiлерi шеберлiкпен ойнап, ойынның екiншi жартысында есеп ашты. 3 кездесудiң нәтижесiнде «Электрик» пен «Пищевик» командалары финалдық ойын қатысты.

31 декабрьде «Динамо» стадионында финал болды. Ойын өте қызықты өттi. Электрiшiлердiң көкүш жұмсауына қарамастан, ойын 1:0 есебiмен «Пищевик» командасының пайданы аяқталды, сөйтiп, бұл команда Петроавл қаласында 6 январьда өткiзiлетiн Ыс хоккейi бойынша республикалық кубок алу үшiн хоккей жарысына қатысуға аво алды.

СУРЕТТЕ: «Певик» ерiктi спорт қоғамының командасы.

**Оқушылар арасында спорт жұмысын өрістетейік**

Облысымыздың мектептері өткен оқу жылында балалардың дене тәрбиесін беру ісін ұйымдастыруды бірқатар табыстарға жетті. 1951 жылы июньде өткізілген оқушылардың спаркиадасында жеңіл атлетика бойынша 6 рекорд жақсартылды, ал жеңіл атлеттердің көрсеткіштерінің орташа деңсесі 1950 жылғы көрсеткіштен едәуір артық болды. Булаев, Преснов аудандары, қаладағы педагогика училищесінің волейболшылары мен баскетболшылары ідерінің жақсы дайындығын көрсетті.

Сонымен бірге, блыстық және республикалық спартакиаалар облысымыздың көптеген аудандарында өтті.

жабдықтары болмағандықтан мектеп оқушылары оқу программасын толық орын дамайды. Ота, жеті жылдық мектептердің директорлары физкультура сабақтарына жеткіліксіз қатысады, тіпті олар физкультура сабағына қатысуды өздерінің міндеті деп те түсінбейді. Бұл сыяқты фактілер Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінде (директоры Садықов жолдас), Совет ауданындағы Киров орта мектебінде (директоры Яковлев жолдас), Полудень орта мектебінде (директоры Коротков жолдас) және басқа да бірқатар мектептерде кездеседі.

Аудандарда оқушылар арасындағы

**И. В. Сталиннің Киодо агенттігінің бас редакторы К. Ивамото мырзаға хаты жөнінде шетел баспасөздерінің пікірі**

**ЖАПОНИЯ**

ТОКИО, 1 январь. (СОТА). И. В. Сталин жолдастың Киодо агенттігінің бас редакторы Ивамото мырзаның хатына қайтарған жауабы жөнінде жапон радиосы күні бойы бірнеше рет хабарлады.

Таңертеңгі хабарда Сталин жолдастың жауабының мазмұнын Токио радиосы екінші рет қайталады. Кейіннен радио шолушысы Риниси Сасакидің хатқа арналған сөзі берілді.

Сасакидің сөзінде бүгін Совет Одағының премьері Сталин жапон халқына арнап маңызды мәлімдеме жасады делінген. Бұл мәлімдеме Киодо агенттігінің бас редакторы Ивамотоның жаңа жылдық құттықтау жіберуді сұраған өтінішіне премьер Сталиннің жауабы болып табылады.

Хатта Совет Одағының халықтары шетел басқыншылығына байланысты хасретке душар болған жапон халқына инеттестік білдіреді делінген.

Премьер Сталин тәуелсіздік пен қайта қалпына келу үшін күресінде жапон халқының толық табысқа жетуін тілейді. Хаттың жұмысшыларға арнаған жерінде оларға жұмыссыздық пен төмен жалақыдан азат болуды, көпшілік тұтынатын товарлардың қымбат бағасының жойылуын және бейбітшілікті сақтау үшін күресте табысқа жетуін тілейді.

Премьер Сталин жапон шаруаларына жерсіздіктен азат болуды, ауыр салықтан жойылуын және бейбітшілікті сақтау үшін күресте табысқа жетуін тілейді.

Хатының бүкіл жапон халқы мен интеллигенцияға арнаған жерінде, Премьер Сталин Жапония демократияшыл күштерінің толық жеңуін, елдің экономикалық жағынан өркендеуін, ұлттық мәдениет пен білімнің және искусствоның гүлденуін, бейбітшілікті сақтау жолындағы күрестің табысты болуын тілейді.

Хатты алып отырған Киодо агенттігінің бас редакторы Ивамотода болғаны

Сталиндік Бейбітшілік сыйлығымен наградалды. Коммунист болмаса да Ойма бейбітшілік үшін күресуші күрескер есебінде наградалды. Осының барлығын қорыта келіп, премьер Сталиннің бүгінгі хаты Совет Одағының Жапония жөніндегі жаңа саясатына дәлелдеме болады деп қорыту қажет.

ТОКИО, 1 январь. (СОТА). Токио радиосы И. В. Сталин жолдастың Киодо агенттігінің бас редакторы К. Ивамото мырзаға қайтарған жауабына дипломатиялық топтардың пікірлері туралы Юнайтед Пресс агенттігінің Қызыр Шығыс бөлімінің жетекшісі Хобрайттың хабарын берді. Хабарда былай делінген: «Бір дипломатия өкілі премьер Сталиннің хатының ерекше маңызы бар деп мәлімдеді. Дипломатияның басқа бір өкілі өткен уақытта шетел басқыншылығын бауынан кешірген совет халықтары шетел басқыншылығына ұшыраған жапон халқының азабын жақсы түсінеді деп айтылған премьер Сталиннің хатының аса зор маңызы барлығын атап көрсетті.

Жапонияда жоғарғы қызмет бабындағы бір адам премьер Сталиннің хаты оған зор ерекше көңіл аударуды керек етеді, өйткені, хат тұтас алғанда достық руқта жазылған деп мәлімдейді».

**ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ**

ПЕКИН, 2 январь. (СОТА). Бүгін күндіз Пекин радиосы И. В. Сталиннің Жапонияның Киодо агенттігінің бас редакторы Книси Ивамото мырзаға жолдаған телеграммасын толық берді.

**ПОЛЬША**

ВАРШАВА, 2 январь. (СОТА). Польшаның барлық орталық газеттері газеттің бірінші беттеріне И. В. Сталиннің жапон халқына жіберген жаңа жылдық хатын жариялады. «Трибуна люду» газеті өз мақаласының тақырыбында Сталин жолдас бейбітшілік үшін күресте, Отанның

